



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH  
NATIONAL UNIVERSITY

# ХАБАРШЫ

ШЫҒЫСТАНУ СЕРИЯСЫ

## ВЕСТНИК

СЕРИЯ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ

## BULLETIN

ORIENTAL SERIES

4(65) 2013

## СОДЕРЖАНИЕ

| 1-бөлім                                                                                                                         | Раздел 1  | Section 1 |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|-----------|
| ТАРИХ                                                                                                                           | ИСТОРИЯ   | HISTORY   |
| <i>Арслан М.</i> Турецкие народные танцы и их география распространения в Турции.....                                           |           | 3         |
| <i>Базаркулова Б.К.</i> Иранның ядролық бағдарламасы және аймақтық қауіпсіздік .....                                            |           | 8         |
| <i>Ем Н.</i> Социальная адаптация детей в международном браке женщин Центральной Азии в Южной Корее в 2000-е годы .....         |           | 13        |
| <i>Мустафаева А.А.</i> Исламское возрождение в Казахстане в 90-е годы XX века .....                                             |           | 19        |
| 2-бөлім                                                                                                                         | Раздел 2  | Section 2 |
| ФИЛОЛОГИЯ                                                                                                                       | ФИЛОЛОГИЯ | PHILOLOGY |
| <i>Ахметбекова А.К.</i> XIX ғасырдағы қазақ поэзиясындағы сопылық сарын көріністері .....                                       |           | 24        |
| <i>Абдурақын Н.</i> Қытай тіліндегі көркем әдебиетті аударуда көңіл бөлетін бірнеше түйіндер.....                               |           | 34        |
| <i>Амангельдиева Ж.И.</i> Cognitive conceptual principle in foreign language teaching.....                                      |           | 38        |
| <i>Бегимова Г.А., Салқараев Ж.К.</i> Қазақ және түрік тілдеріндегі өсімдік атауларының семантикалық сипаты .....                |           | 45        |
| <i>Gulchin M., Kudaibergenova G.</i> پاسخ به پنج سوال شاهکریم از دید مولوی.....                                                 |           | 49        |
| <i>Даулет Ф. Н.</i> Мифы о китайском языке и реальность .....                                                                   |           | 59        |
| <i>Даулет Ф.Н.</i> Китайский язык: проблемы изучения и преподавания.....                                                        |           | 64        |
| <i>Досымбекова Р.Ө.</i> Қазақ және қытай тілдері нумерологиясындағы фразеологиялық бірліктер .....                              |           | 70        |
| <i>Искакова З.Е.</i> Великий гуманист Индии .....                                                                               |           | 76        |
| <i>Кенжебаева А.Ә.</i> Образ тұлғасындағы ұлттық мінез (қазақ және қытай әдебиеттері негізінде).....                            |           | 81        |
| <i>Қортабаева Г.Қ., Мұхамбетжанова Қ.Т.</i> Кинесикалық амалдардың семантикасы мен қарым-қатынастағы функционалдық қызметі..... |           | 87        |
| <i>Күмісбаев Ө., Тулақбаева Қ.</i> Парсы және қазақ тіліндегі макал-мәтелдердің өзара байланысы.....                            |           | 92        |
| <i>Тоқтарбек С.</i> Қытай тіліндегі 的确 мен 实在-дың синтаксистік және тілдік қолданыстағы айырмашылықтары .....                   |           | 96        |
| <i>Мәдиев Д.Ә.</i> Көне қытай тіліндегі есімдіктердің грамматикалық ерекшеліктері.....                                          |           | 101       |

Д.Ә. Мадиев

Әл-Фараби ағындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: daniyarmadiev@mail.ru

**Көне қытай тіліндегі есімдіктердің грамматикалық ерекшеліктері**

Мәқалаларда көне қытай тіліндегі есімдіктерге толық мағлұмат беріледі. Көне және қазіргі ай тіліндегі есімдіктердің грамматикалық ерекшелігі мен заманауи тіл үйрену үрдісіндегі ызы қарастырылады.

**in сөздер:** көне қытай тілі, грамматика, есімдік, тіл үйрену үрдісі.

D.A. Madiyev

**Grammatical features of ancient Chinese pronoun**

This article complete description is given pronoun of ancient Chinese language, examined their grammatical features in ancient and modern Chinese and importance is in the modern process of study of language.

**words:** ancient Chinese language, grammar, pronoun, language learning process.

Д.А. Мадиев

**Грамматические особенности местоимений древнекитайского языка**

В данной статье дается полное описание местоимений древнекитайского языка, рассматриваются их грамматические особенности в древнем и современном китайском языке и важность в современном процессе изучения языка.

**ключевые слова:** древнекитайский язык, грамматика, местоимение, процесс изучения языка.

ай тіліндегі есімдіктерді әртүрлі жол-тастыруға болады. Біріншіден, оларды және сұраулы емес деп екі топқа бөлуге екіншіден, есімдіктерді синтаксистік не қарай немесе олардың қай топтағы дермен алмаса алатындығына байланыстырастыруға болады. Екінші әдіс бойынша ыруда, көне қытай тіліндегі есімдіктерді есімдігі, сілтеу есімдігі және сұрау і деп қарастыруға болады.

теу есімдіктері өзінің синтаксистік функция сәйкес, әрдайым адам немесе затты ді. Анықтауыш қызметінде тәуелділікті ді, яғни анықталып тұрған заттың тиесілі екендігін көрсетеді. Бұл жағынан да, ол сілтеу есімдігінен ерекшеленеді, і сілтеу есімдігі анықталатын зат-ақтылағанымен, кімге тиесілі екенін амайды. Салыстырып көрсек: 其劍 qíjiàn-

оның қылышы және 此劍 cǐjiàn – мына қылыш – 其 qí «оның» сөзі қылыш иесінің атын ауыстырып тұр; 此 cǐ – «мына» сөзінің ондай мүмкіншілігі жоқ [1, 93 б.]

Жіктеу есімдіктері.

Көне қытай тіліндегі жіктеу есімдіктерін негізгі үш топқа бөлуге болады:

1) Бірінші жақтағы жіктеу есімдіктері, оларға 予 (余) yú, 朕 zhèn, 吾 wú, 我 wǒ секілді есімдіктер жатады.

2) Екінші жақтағы жіктеу есімдіктері, оларға 汝 rǔ, 若 ruò, 而 ér, 爾 ěr, 乃 nǎi секілді есімдіктер жатады.

3) Және соңғы топқа, үшінші жақтағы жіктеу есімдіктері 其 qí, 之 zhī, 焉 yān жатады.

Әр топта мысал ретінде біршама жиі кездесетін есімдіктер берілген. Оның ішінде кейбірі белгілі бір дәуірдегі, белгілі бір диалектідегі мәтіндерде ғана кездеседі. Мы-

салы, екінші жақтағы 乃 nai сөзі классикалық дәуірге дейінгі тілге тән, 而 er сөзі негізінен тарихи шығармаларда кездеседі, 若 guo есімдігі б.з.б. III ғ. аяғында ғана пайда болған.

Сонымен қатар әр топтағы сөздер арасында синтаксистік қызметіне қарай өзара ерекшеліктері бар. Мұндай ерекшеліктер үшінші жақтағы есімдіктер арасында анық байқалады. 其 qí сөзі анықтауыштың қызметін атқарады және атаулық мүшенің орнына келіп, бастауыштың қызметін атқарады. Мысалы, 其子 qízi – оның ұлы, 知其賢 zhīqíxián – оның кемеңгер екенін білемін. 之 zhī есімдігі сөйлемде етістіктен кейін немесе сөз алды қосымшасынан кейін келіп толықтауыш болады: 杀之 shāzhī – оны өлтірді. Және 焉 yān сөзі, оның сөйлемдегі қызметі 於 yú сөз алды қосымшасымен біріккен зат есімнің қызметіне ұқсас. Салыстырып көрейік: 学於孔子 – «Кун-цзыдан үйрену» және 学焉 – «содан үйрену».

Басқа топтарда функциялық айырмашылық соншалықты анық емес. Дегенмен мұнда да әлдебір өзіндік срежелер бар. Мысалы, 吾 wú есімдігі сөйлемде негізінен бастауыш қызметін атқарады, ал 我 wǒ сөзі керісінше, көбіне толықтауыш қызметін орындайды. 乃 nai мен 而 er есімдіктері анықтауыш қызметін атқарғандықтан, толықтауыш бола алмайды. 汝 rǔ мен 若 ruo есімдіктері анықтауыш қызметін атқармағанымен, 朕 zhèn есімдігі сөйлемде негізінен анықтауыш қызметін атқарады [4, 105 б.].

Бірінші топтағы сөздердің өзара айырмашылықтарын айтар болсақ, олар бір-бірінен 我 wǒ, 我们 wǒmen мен 咱们 zánmen арасындағыдай ерекшеленеді. Яғни 予 yú мен 朕 zhèn сөздері мағынасы жағынан «мен» немесе «біз» дегенді білдірсе, 吾 wú мен 我 wǒ есімдіктерінің мағынасы біршама басқа, өйткені бұл сөздерді қолданғанда «мен және сен» немесе «мен және сендер» деп диалогқа қатысушыларды түгел меңзеу тұрғынан түсіну керек. Дегенмен классикалық дәуірде бұл топтағы есімдіктер арасындағы грамматикалық айырмашылықтар жойылды. 予 yú сөзі енді тек «мен» деген мағынада қолданылатын болды. Қолданғанда да, бұл есімдікті дәрежесі жоғары адам өзінен дәрежесі төмендердің алдында өзі жайында айтқанда ғана қолданған. 朕 zhèn сөзі классикалық дәуірдің басында қолданыстан шыққанымен, б.з.б. 221 жылы қабылданған

заңға сәйкес, император өзі жайында айтқанда осы есімдікті пайдалануы тиіс болған [6, 210 б.].

Үшінші жақтың есімдіктері мағыналы жағынан сілтеу есімдіктеріне ұқсас. 之 zhī есімдігі «мынау, осы» секілді мағынаны білдіріп сөйлемде толықтауыш қызметін атқарады. Мысалы, 見之 jiànzhī сөзі «оны көрдім» деп қана аударыламыз, сондай-ақ «мынаны көрдім» деп те аударылады. Осы мағынада алғанда 知之 zhīzhī «осы жайында білемін» деп, 学之 xuézhī «осыны үйрендім» деп аударылады. 焉 yān есімдігінің (құрамында орынды білдіретін 於 yú сөз алды қосымшасының мағынасы бар) «сонда сол жерде» деген мағынасы бар. 在焉 zài yān «сол жерде болу» деп аударылады.

Сілтеу есімдіктері.

Сілтеу есімдіктері сөйлемде, негізінен анықтауыш қызметін атқарады әрі жіктеу есімдіктері секілді тәуелділікті білдірмейді. Дегенмен олар да бастауыш пен баяндауыш қызметін атқара алады. Мұндай кезде олар жіктеу есімдіктері тәрізді адам мен затты білдіретін сөздердің орнына жүреді.

Көне қытай тіліндегі сілтеу есімдіктері екі жұп антонимдер түзеді: 彼 bǐ «анау» және 此 cǐ «мынау», сондай-ақ 是 shì «осы» және 他 tā «басқалар». Бірінші жұп сәйкесінше «ана жерде» және «осында» деген мағынаны да білдіреді. Классикалық дәуірге дейінгі тілде 此 cǐ сөзінің орнына 兹 zī сөзі қолданылған, ал 是 shì есімдігінің орнына 時 shí сөзі жүрген. Конфуцийлік шығармаларда 此 cǐ сөзімен қатар сол мағынада 斯 sī сөзі де қолданыста болған. 彼 bǐ есімдігі классикалық тілде сілтеу есімдігі ретінде өте сирек пайдаланылған. [4, 26 б.].

Жоғарыда айтылған басқа да есімдіктер сөйлемде бастауыш немесе толықтауыш қызметін атқарғанымен, негізінен адамды емес, затты немесе жалпы жағдайды білдіреді. 此 cǐ және 是 shì сөздерінің арасындағы айырмашылыққа тоқталатын болсақ, алғашқысын сөйлеуші өзінен алыс емес затты көріп тұрып нұсқағанда пайдаланса, екіншісі-жаңа ғана әңгіме барысында айтылып кеткен затты меңзейді.

Көне қытай тілінде сілтеу есімдігіне сондай-ақ 某 mǒu «әлде бір», «әлде қандай» сөзі жатады. Бастауыш немесе толықтауыш қызметінде 彼 bǐ сөзі секілді «әлде кім» деген мағынада адамға қатысты сөзді алмастырады. Алайда 某 mǒu сөзі жіктеу есімдіктеріне басқаларынан жақын тұр: анықтауыш функциясында өзінен

ін 之 zhi көмекші сөзі тұрса, тәуелділік ынасы болады, көмекші сөз болмағанда ғана теу есімдігіне жатады. Салыстырсақ: 某之 mouzhizi «біреудің баласы» және 某日 mougi p күні».

Сұрау есімдіктері.

Сұрау есімдіктерінің ішінде жіктеу және теу есімдіктерімен сәйкес келетіндері деп shui «кім» және 何 he «не» есімдіктерін астыруға болады. Біріншісі адамдар жайда сұрағанда қолданылады және жіктеу мдіктерімен сәйкессді. Екіншісі зат- ы туралы сұрақтарда қолданылады, ықтауыш қызметінде тәуелділік мағынасы лмағандықтан, өзін сілтеу есімдігі секілді ғайды [7, 75 б.].

誰 shui «кім» есімдігі сөйлемде, негізінен, ықтауыш, немесе байланыстырушы баян- уыш қызметін атқарады. Конфуцийлік ығармаларда бастауыш қызметін көбіне ықтауды білдіретін 孰 shu «кім» есімдігі арады (тарихи жазба ескерткіштерде, рісінше 誰 shui сөзі көбінше бастауыш ызметін атқарады). 誰 shui сөзі анықтауыш ызметін де атқарады («кімнің» деген мағынада), к бұл жағдайда өзінен кейін 之 zhi – көмекші ізі тұрады.

何 he сөзі «не» мағынасында 誰 shui «кім» зі секілді сөйлемде толықтауыш және баянда- ыш қызметін атқарады. Сонымен қатар бұл сөз ықтауыш ретінде «қандай» деген мағынада ылданылады, мысалы: 此何木也哉 – «Бұл андай ағаш?». Сондай-ақ 何 he есімдігі басқа імдіктерден ерекше түрде, көбіне «неге» емесе «қалай» деген мағынада баяндауыш- ы анықтап тұрады, мысалы: 夫子何笑由也. стаз, сіз неге Ю-ге /айтқанына/ күлдіңіз.

Конфуцийлік бағыттағы әдеби шығармаларда 何 he есімдігімен қатар сол сөзбен мағыналас 奚 xi есімдігі де қолданылады. Кейбір мәтіндерде ағы бір мағыналас есімдік 胡 hu сөзі кездеседі. ұл үш есімдік, шын мәнісінде, бір сөздің үш үрлі фонетикалық варианты болып табылады,

өйткені үш сөздің де көне тілдегі дыбысталуы шамалас болған [9, 59 б.].

Көне қытай тіліндегі сұрау есімдіктерінің ортақ ерекшелігі болып олардың сөйлемде толықтауыш қызметін атқара тұрып, етістіктің алдында тұруы. Мысалы: 吾誰敢怨? «Мен ба- тылым барып кімге ренжи аламын?»

Сұрау есімдіктері етістікпен емес сөз алды қосымшасымен басқарылғанда да, есімдіктер олардың алдында тұрады (көбіне 誰與 shuiyu «кіммен», 何以 heyi «немен, неге» және 何為 hewei «не үшін» ескілді тіркестер жиі кездеседі). Мысалы:

吾又誰與爭? Сонда біз тағы кіммен күресеміз?

何以利吾國? Еліме қалай пайда әкелсем екен?

Сондай-ақ 何 he сөзі тіпті толықтауышқа анықтауыш болғанда да, толықтауышпен бірге етістіктің алдында тұрады, ал толықтауыштан кейін 之 zhi көмекші сөзі тұрады. Деген- мен мұндай конструкция өте сирек кездеседі. Қарастырылып өткен сұрау есімдіктері 於 yu сөз алды қосымшасымен байланыспайды. Мұндай тіркестің орнына өзімізге таныс 焉 yan сөзі қолданылады және сұрақ мағынасында жал- пы ережеге сәйкес бұл сөз етістіктің алдында келеді. 焉 yan сөзінің сұрақ ретінде кейініректе пайда болған бірнеше синонимдері бар: 安 an, 惡 wu, 惡乎 wuhu. Бұл сөздер сұраулы сөйлемдерде заттардың аттарын алмастырады, кейде, тіпті, адамдарға қатысты сұрақты да білдіреді. Олар негізінен «қайда», «қай жерде», «қайдан», «кімнен» секілді мағынада қолданылады. Мы- салы:

公焉在? Мырза қайда екен?

子獨惡乎聞之? Бұл жайында сіз кімнен білдіңіз?

Орынды білу үшін 何 he есімдігін пайда- ланып сұрақ қоюға болады, тек бұл жағдайда есімдік етістіктің алдынан келсе, толықтауыш орынды білдіреді, мысалы: 牛何之 niuhezhi – Өгіз қайда барады? [5, 83 б.]

### Әдебиеттер

1 Яхонтов С.Е. Древнекитайский язык. –М.: Наука, 1965. -115с.

2 Крюков М.В., Хуан Шу-ин. Древнекитайский язык (тексты, грамматика, лексический коммента- ий). –М.: Наука, 1978. -512с.

3 Гуревич И.С. Очерк грамматики китайского языка III-V вв. –М.: Наука, 1974. -254с.